

Милы БББМ жанындағы « Шұғыла » Ш/О

**Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту
(ойын түрінде)**

Тәрбиеші: Төлебаева Г.С.

2024-2025 оку жылы

Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту Соңғы жылдары біздің әлемде балалардың тіл дамуы төмендеді. Қазіргі кезде сөз қоры актуалдық проблема. Зерттеудің нәтижесінде балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты деген тұжырым жасалды.

Сонымен қатар саусақтың қозғалуы, баланың жасына сай болу керек. Гылыми түрғыда, балалардың тіл дамуы жіңішке қол арқылы дамиды. Жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі тілдік функциясына байланысты. Жазуга бейімделмеген, жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі мектептің төменгі сыныптарынан бастап, оқуға деген негативтік әсерін тигізуі мүмкін. Қолдың ұсақ моторикасы баланың дамуына, оқуына өте маңызды. Мектепке дейінгі үйымда жазу емес, жазуга дайындықтың маңызы зор. Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына да әсерін тигізеді. Бала саусақтарымен әр түрлі жаттығулар орынданап, үлкен жетістіктерге жетеді және баланы сурет салуға үйретеді, ары қарай жазуга да көмектеседі. Егер баланың саусақтары шапшаң жұмыс жасап, иілгіш болса жазу да әдемі болады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбілік шақтан бастаган дұрыс.

Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен үйымдастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сыйзуға үйренудің маңыздысы болып саналады. Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 – 5 жастағы балада бау байлау қындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса және 6 жаста тиек тігу – орындалмас және қауіпті іс болса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес. Өкінішке орай көп ата-ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барадағанда байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарындашпен жазып үйренуі керек. Егер сіз бірінші сынып окушысында жазуда қындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы бала тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз, дамыту ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастаңыз. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Пассивті жаттығу – ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Саусақ жаттығуларын ең төменгі деңгейден бастаган дұрыс. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшү ұсынылады. Оның деңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендірмеуін қадағалаған жөн. Жаттығуларды мақсатты пайдалануылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынга қарай жалғасады. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады. Тіл дамыту жұмысы қол арқылы жүру тиіс. Соңда ғана – негұрлым үлкен жаттығу болады. Балаға тапсырмалар қызықты болу керек. Баланың кол енбегін арттыру үшін не істеу керек: — қолмен ермексазды жұмсарту; — алақандарымызды жұмып ойын ойнау (таңертең тұрдық – ашылу, кешке ұйықтадық – жабылдық); — екі қолдың саусақтарымен «Жүру» үстелмен, алдымен ақырын, біресе үрланып, содан кейін тез жүгіріп келуі. Жаттығу алдымен он қолмен, содан кейін сол қолмен жасалады; — ауала саусақпен сурет салу; — қолдың басымен қолшам жасау; — түймелерді тағып- ағыту, бауды байлау, құлыпты ашып – жабу т.б.; — қақпақтарды жабу,

механикалық ойыншықтарды кілтпен жүргізу; — бұрандалар мен сомындарды бұрау; — конструктор ойыны; — құммен сурет салу; — түрлі-түсті борлармен тұзды, шекерді, ұнтақ жарманы бояу; — «Бассейн» ойынын ойнату т.б.